



**№ 35 « БАЛБҰЛАҚ» БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК БОЙЫНША
2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА
АРНАЛҒАН «Адал азамат» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру
БАҒЫТЫНДАҒЫ
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР**

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары үшін				
Күнделікті атқарылатын іс-шара				
№	Іс шараларатауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
1	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізу	Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілінің педагогі, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Өнегелі 15 минут» - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Күнделікті
3	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын, танымдық,	Мектепке дейінгі ұйымның, мектепалды сыныптың педагогтері,	Күнделікті

	қалыптастыру: әзірлеу	эксперименталдық іс-әрекеті Ата-аналарға арналған жадынамалар, нұсқаулықтар, парақшалар	ата-аналар	Жыл бойы
4	«Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған, шығармашылық, дербес іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйымның музыка жетекшісі, тәрбиешілер, мектепалды сыныптың педагогі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
Апта сайын				
1	«Менің Қазақстаным» - мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ересек және мектепалды топтардың/мектепалды сыныптардың	Ертеңгіліктер	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, музыка жетекшісі, әдіскері, дене шынықтыру нұсқаушысы	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

	тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының Әнұранын орындауы			
2	«Апта дәйексөздері» - ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру, мнемо кестелерде ойнату	Дәйексөздерді ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, коридордағы теледидарларда орналастыру	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері	Жыл бойы
3	«Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін үйрету	Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті Дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, әңгімелесу, көркем шығармалар оқу	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
1	1 қыркүйек - Білім күні «Білім еліне саяхат»	Балабақшада экскурсия өткізу	Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, әдіскері, педагогтері	1- апта
2	«Менің Отаным – Қазақстан!»	интерактивті мерекелік шара (онда балалар ән, өлең, шағын қойылым элементтері мен дидактикалық ойындар арқылы Ту, Елтаңба, Әнұран және Конституция	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, қазақ тілінің педагогі	I-апта

		негіздерімен қолжетімді әрі қызықты түрде танысады)		
3	«Менің елім – бақыт мекені»	бейбітшілік, достық және туған өлке тақырыбындағы балалар суреттерінің көрмелері	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері	2-апта
4	«SMART BALA» жобасы	Құрастыру бойынша балалар іс-әрекеті	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта
5	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта
6	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» (тәрбиеленушілердің арасында) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында)	Ұлттық ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, дене шынықтыру нұсқаушысы, әдіскері,	2-3-апта
7	Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым	Дидактикалық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Үнемі

	ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру			
Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
1	«Жасыл балабақша» экологиялық жобасы	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» «Қазақтың қазынасы – ұлттық ойындар» (мектепке дейінгі ұйымның педагогтері арасында)	Жарыс ойыны	Мектепке дейінгі ұйымның дене шынықтыру нұсқаушысы	1-апта
3	«Күз сыйы – туған елге!»	Көрме	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
4	«Мәңгілік ел – балабақшадан басталады»	Әдістемелік ұсынымдар	Мектепке дейінгі ұйымның әдскері	3-апта
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
1	«Жауапты болу – жақсы болу»	Сюжетті-рөлдік, драмалау ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Жақсы мен жаманды салыстыру»	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Күні бойы
3	«Жақсы іс – жүрекке жылу»	Мультфильм қарау	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				
1	«Республикам – мақтанышым!»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	1-апта
2	«Жапырақ тамырдан нәр алады» (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында)	Зияткерлік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	2-апта
Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1	«Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту	Дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	1-апта
2	«Менің құқықтарым, менің міндеттерім» (мектепалды жастағы балалар үшін)	Әңгімелесу	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
3	« <u>Біз- экологпыз</u> »	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта
Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы				
1	«Кішкентай ақыл-ой шеберлері» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам:	Танымдық, эксперименталдық іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	1-апта
2	Ұлттық үстел үсті ойындары	Үстел үсті ойындары	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
3	«Шебер қол – шексіз өнер»	Қол бұйымдарының	Мектепке дейінгі	3-апта

	(тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында)	көрмесі	ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
1	«Жүректен шыққан алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен)	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері	1-апта
2	«Мамандықтар әлемімен танысу»	Ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері	2-апта
3	«Жаңару мен мейірімділік мерекесі – Наурыз»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскері	3-апта
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
1	«Шын жүректен кітап сыйла» - Халықаралық балалар кітабы күні	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері, ата-аналар	1-апта
2	«Қоғамдық орындарда қауіпсіздік пен мәдениет» Қоғамдық орында өзін-өзі ұстау мәдениеті	Сюжетті-рөлдік ойын	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
3	«Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» және басқалары	Сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта
4	«Жазушы әлеміне сапар» (жергілікті кітапханаларға саяхат)	Саяхат	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта
5	«Әжем айтқан ертегілер»	Жобалау іс-әрекеті Әжелер мектебі	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері,	4-апта

			ата- аналар, әжелер	
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы				
1	«Біз біргеміз!»	Балалар суретінің көрмесі	Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері	1-апта
2	«Менің елім – мәңгілік мекенім»	Ертеңгілік	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	2-апта
3	«Жасыл әлем – біздің үйіміз»	Акция	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері	3-апта

2025-2026 оқу жылына
№ 35 «Балбұлақ» балабақшасы бойынша
«Адал азамат» «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында өткізілген іс шаралары

Жыл басында педагогикалық кеңес отырысында «Адал азамат» – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы тәрбиеленушілердің бойында ұлттық құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді, отансүйгіштік сезімді және адалдық қағидаларын қалыптастыру мақсатында бірқатар тәрбиелік іс-шаралары жоспарланды. Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес күнделікті «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы», «Өнегелі 15 минут» «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну», «Күй күмбірі»- ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар, балалардың жан-жақты дамуына оң әсер етеді. Күй тыңдау және қарапайым музыкалық әрекеттер арқылы бала тұлғасының рухани, зияткерлік және эмоциялық дамуы қамтамасыз етіледі. Бағдарлама аясындағы жұмыстар жүйелі жоспарға сәйкес жүргізіліп, балалардың жас ерекшеліктеріне сай бағытталды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Алма», «Балдырған» мектепалды топтарында, «Гүлдер», «Айгөлек» ересек топтарында, «Балапан», «Күншуақ» ортаңғы топтарында, балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу, патриоттық сезім мен азаматтық жауапкершілікті дамыту үшін, Мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде Қазақстан Республикасының Әнұранын орындалды



Апта сайын барлық топтарда ұйымдастырылған іс-әрекетте дидактикалық, сюжетті-рөлді ойындар, көркем шығармалар арқылы «Қауіпсіздік ережелері» - жол қозғалысы ережелерін, тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы өмірлік қауіпсіздік негіздерін, төтенше жағдай кезінде қауіпсіз мінез-құлық ережелері үйретілді



Ақпараттық стендтерде апта сайын жаңа дәйексөз ілінеді. Ірі, түсінікті әріппен жазылады. Суреттермен, ұлттық ою-өрнекпен безендіріледі.

Қыркүйек айының 1- аптасында «Балапан», «Күншуақ» ортаңғы топтары 1 қыркүйек - Білім күні «Білім еліне саяхат» тақырыбында «Балабақшаға экскурсия» жасады.



Қыркүйек айының 2- аптасында жоспарға сай «Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбында интерактивті мерекелік іс-шаралар өткізілді. Онда балалар ән, өлең, шағын қойылым элементтері мен дидактикалық ойындар арқылы Ту, Елтаңба, Әнұран және Конституция негіздерімен қызықты түрде танысты.



Қазан айының 2-ші аптасы «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» тақырыбында жарыс ойын ұйымдастырылды. Балабақшамыздың тәрбиешілері арасында ұлттық ойын «Бес тас» «Бестемше» ойындарын ойнап жарысты. Ал балалар арасында «Бес атар» «Арқан тартыс» ойындарын ойнады.



Қазан айының 3-ші аптасында тәрбиеленушілер арасында «Күз сыйы – туған елге!» атты көрме ұйымдастырылды.



Қараша айында «Адал азамат» «Біртұтас тәрбие» бағдарламалары аясында «Жақсы мен жаманды салыстыру» «Жақсы іс – жүрекке жылу» тақырыптарында балалармен әңгімелесу, «Толағай» ертегісін көрсету.



Желтоқсан айының 1-ші аптасында барлық топтарда ертеңгілік өткізілді «Республикам – мақтанышым» тақырыбында



Балалар мемлекеттік рәміздер туралы мағлұмат алып, Отанға деген сүйіспеншіліктерін тақпақ, ән және сурет арқылы жеткізді.

Осы айдың 2 ші аптасында «Жапырақ тамырдан нәр алады» зияткерлік ойын ұйымдастырылды. (тәрбиеленушілер мен ата-аналардың арасында)

Мақсаты:

Балалар мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ойлау қабілетін дамыту.



Қаңтар айының 1 ші аптасында «Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында сюжетті рольдік ойындар ойнатылды.



Ақпан айында «Адал азамат» «Біртұтас тәрбие» бағдарламалары аясында үстел үсті «Ұлттық ойындары» жоспарланып әр топта ойындар ұйымдастырылды.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытып өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекет – үстел үсті ойындары. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, үлкендер еңбегімен танысады, ойлау қабілеттері дамиды.



Ақпан айында «Шебер қол – шексіз өнер» (тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында) ұйымдастырылған іс-шаралар да ата – аналарды екінші қырынан таныттып, өнерлерін ортаға паш етті. «Әке көрген - оқ жонар, ана көрген - тон пішер» деген осы екен.



Наурыз айы көктемнің алғашқы айы. Бұл айдың алғашқы күнінен бастап мерекемен басталады. Алғашқы аптасында «Жүректен шыққан алғыс» (тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен) челлендж ұйымдастырылды.



Көктем айларында Ересектердің еңбегімен таныстыру мақсатында «Мамандықтар әлемімен танысу» сюжетті рольдік ойындар арқылы балалардың еңбекке деген қызығушылығын ояту, ойната отырып дамыту.



Наурыз айының ең маңызды мерекелерінің бірі «Жаңару мен мейірімділік мерекесі – Наурыз» Барлық топтаертеңгіліктер



«Еңбек бәрін жеңбек» апталығы Еңбекқорлық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында сенбілік жұмыстары, гүл отырғызу, ойыншықтарды күтіп ұстау шаралары өткізілді. Балалар қарапайым еңбек әрекеттеріне белсенді қатысты.



«Отбасы – тәрбие бесігі» ата-аналармен кездесу Ата-аналар жиналыстары мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып, бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі талқыланды. Ата-аналарға адалдық пен ұлттық тәрбие бағытындағы әдістемелік кеңестер берілді.



Қорытынды

Жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде тәрбиеленушілердің бойында:

- адалдық пен жауапкершілік;
- үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық;
- Отанға деген сүйіспеншілік;
- еңбекқорлық пен ұйымшылдық қасиеттері қалыптасты.

«Адалазамат» – «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын табады.

